

## "Шектеу іс-шараларын алу және 2016 жылғы 14 шілдедегі № 2 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Алтықарасу ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 23 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 қаңтарда № 5196 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Темір аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 20 қазандағы № 14-01/299 ұсынысы негізінде Алтықарасу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алтықарасу ауылдық округінің "Ақтоғай" қыстағындағы "Дәурен" қожалығы аумағында мүйізді ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруына жоспарлы ветеринарлық сауықтыру жұмыстарының атқарылуына байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Алтықарасу ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 14 шілдедегі № 2 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5026 болып тіркелген, 2016 жылғы 19 тамыздағы "Темір" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Алтықарасу ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 24 қазандағы № 21 "Шектеу іс-шараларын алып тастау туралы" шешімі жойылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алтықарасу ауылдық округінің әкімі*

*М. Шуиншалин*